

Ж. ТЛЕПОВ

М. ӘУЕЗОВ – МАНАСТАНУШЫ

Әлемдік руханият дүниесінде туысқан қырғыз халқының «Манас» эпосының орны ерекше екендігі бұл күнде күллі ғаламға мәлім. Қолемі жөнінен өзіне тенденсі жоқ, ауызша жырланып ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен баба жырдың құдырет қүшіне қазіргі таңда тарихшылар да, әдебиетшілер де, философтар да, саясаткерлер де бір кісідей бас шұлғып, бір кісідей бәрекелде деседі. Олай болар жөні бар.

Жарық дүниеге келген соң, ел болып енсесін көтеріп, халық болып қарымын жібермей тірлік кешіп келе жатқан небір көшелі жұрттар өзінің өзгеден өзгешелігін, ең алдымен мұмкіндігінше өзі тек-тестерден артықшылыктарын көрсетер қасиеттерін іздеп, шамасы жеткенінше соны ұрпақтарының санасына сініруге күш жұмсайды. Ұлт ретіндегі, ел ретіндегі сол артықшылығынан туындағын мәселелер күн тәртібінен туспесе екен деп қам жасайды. Бірақ, ұлт тағдыры да адамдар тағдыры секілді, өзгермелі. Бір кезде данқты болғандар үнемі данқ тұғырында тұра бермейді. Биіктегі аласарады. Аласалар биіктейді. Мұның мәні мен мағынасын талай-лар жырлаған. Мың жасаған мұхит бітімді «Манас-жыр» да осыған қуәлік етеді. Алып тұлғалы дария-дастан өмірдің өзгермелілігін акқан су мен шыққан күннен ғана іздеу аздық ететіндігіне кол қойдыртады. Бірінен-бірі үстем болу үшін күреспесе өзегіне құрт түскендей болып жанталасатын адамдар табиғатын, алыптар мен аласалардың арпалысын паш ететін, ал түтпеп келгенде, сол шегі мен шетіне жетіп болмас қансорпа айқастың өзін-өзі актауға лайықты ең қастерлісі – елдік үшін күрес болса керек. Сол күрестің құдіреті мен құндылығы неде екенін санасты барға ұқтырмай қоймайтын абыз жыр – «Манас» эпосының болмысында да біраз сыр бар.

Ер Манасты өмірге келтірген қырғыз сынды аяулы халықтың да, оның әруақты жыры «Манас» дастанының да тағдыры оңай болмаған. Қазіргі тұрлаулы жұрт, тұракты мекені бар түркі халықтарының ішінде қанша қасірет тартса да бүгінгі күнге сонау біздің жыл санауымыздан бұрынғы есімін өзгертпей жеткен бірден бір ел – қырғыз ұлысы, қырғыз халқы. Біздің жыл санауымызға дейінгі 201 жылы Гун (хун) мемлекетінің патшасы Модэгे бағынышты болған осы халық үнемі біреудің иегінің астында жүре бермеген. Бан Гу секілді Қытай жыл намашысының, т.б. ежелгі дүние тарихшыларының

мәліметіне қарағанда бірде Ордостың солтүстік батысында уш жарым мың ли, Турғаның солтүстігінде екі жарым мың ли болатын алып атырапты иеленіп, бірде қайтадан женіліске ұшырап Енісей ауып, біраздан соң ежелгі қонысына қарай жылыштап, бірталай тауқыметті иығымен көтеріп, ақыры осы құнгі жайлап отырған мекеніне келіп орнықкан халықты қонекөз тарих талайдан бері біледі [1].

Бұл мәселелер, есіресе қырғыздардың V–XII ғғ. аралығындағы тірлігі Қытай деректерінде, Орхон-Енісей сына жазуларында, ал кейінгі, яғни XIII ғ. бермен қарайғы хал-жайы Орталық Азияны мекендеушілер туралы еңбектердің біразында там-тұмдап болса да айтылмай қалмаған. Соның ішінде XVI ғ. бірінші жартысында жазылған «Мажму ат-таварих» («Тарихтар жинағы») еңбегінің қырғыз жұрттың, оның ұлы ел мұрасы «Манасты» танытудағы орны айырықша. Ал, жалпы атаптың ұлы туындыны, оның бас кейіпкері Манас пен оның төнірегін, сондай-ақ, қырғыз халқының салт-дәстүрін, әр кездегі әлеуметтік ахуалын пайымдаудағы қазактың сарабдал саналы азаматтарының еңбегі бір тәбе. Бұл ретте қазіргі манастанудың үлкен маманы, Қырғыз Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Раиса Қыдырбаева жазғандай, 1850 жылдардағы қырғыздар, оның алтып эпосы «Манас» жайлы атқарған ғылыми еңбегіне орай «Манастану ғылымы мен қырғыз фольклористикасының басында тұрған Шоқан Үәлихановтың» орны ерекше [2]. Сонымен бірге Шоқан жазып алған «Көкетайдың асын» архивтен тауып, жариялаған, «Шоқан және Манас» атты монография жазған академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның, бір ғана Ш. Үәлиханов шығармашылығы туралы екі монография жазған, соған байланыстырып Манасқа қатысты ғылымдағы өз сөзін айта білген көрнекті әдебиеттанушы, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Шәмшиябану Қаныш-қызы Сәтбаеваның, ұлы жырдың 1000 жылдыры кезінде салтанатты жиында терең мағыналы баяндама жасаған халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың, әр кездердегі еңбектерінде Манас пен оның атажұрттына орай мәселелерде ғалымдық пайыммен толғанған профессорлар Сұлтанғали Садырбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Бекмұрат Уахатов және тағы баскалар-

дың ғылыми ой-пікірлерінің қай-қайсысының да өзіндік орындары бар. Ал, бұл тұрғыдан келгенде әлемдік даңқы бар Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің манастану саласында атқарған жұмысының қыруар қажыр-қайраттың, жүйелі ғылыми ізденістің нәтижесі ретіндегі жанқиярлық енбек болып қабылданатындығында дау жок.

Тұысқан қырғыз халқының «Манас» жырын зерттеуге Мұхан ұзын ырғасы отыз жылға таяу өмірін арнаған. 1930 жылдың 8-маусымында Ташкенттегі Орта Азия университетінің шығыстану факультетінін аспиранты М. Әуезовті университет басшылығы Бішкекке қырғыз эпостарымен танысу үшін ғылыми іссапарға аттандырады. Мұхан межеленген мезгілінде Бішкекке келіп, материалдармен танысады. Араға жарты ай салып, 29 маусым күні Қырғыз Ғылыми-зерттеу институтының уақытша директоры Саул Матвеевич Абрамзонмен «Манас» туралы тарихи-әдеби очерк жазып беру туралы шартқа отырады. Онда автордың сегіз баспа табак көлемде орыс тілінде жазылатын еңбегі 1930 жылдың 1 қарашасына бітуге тиіс деп көрсетілген. Бірак Мұханды сол кездегі Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) қызметкерлері 17 қыркүйек күні тұрмеге қамайды да, ғалым екі жыл бойы тұтқында болады [4]. Соның салдарынан көрсетілген уақытында аяқталуға тиіс ғылыми жұмыс біраз кешігеді. Әйтсе де, ойға алған ісін қашан да бітіруді мақсатым деп білетін қаламгер 1934 жылы «Литературный Казахстан» газетінде алғашкы макаласын жария-лайды. Бұл – 1934 жылы аяқталған «Манас» – киргизская народная героическая поэма» деп аталағы монографиялық енбектің бірінші нұсқасының қысқартылған жарияланымы болатын-ды. Автор мұнан кейін бұл еңбегіне 1937, 1940, 1948, 1954 жылдары қайтадан оралып, үнемі ұстартумен, ғылыми мәні мен мазмұнын терендетумен болған. Өз өмірінде атқарған елеулі шаруаларының бірі ретіндегі қараған бұл жұмысына ұлы ойшыл тіптен 1959 жылдың өзінде де азды-көпті редакциялау жұмысын жүргізген.

Негізінен, ұзақ жыл терін теккен бұл еңбегінде кеменгер ойшыл, «Манас» жырының өмірге келу уақытына, ондағы өліге берілетін ас, бас қаъарманың үйленуі, батырдың сыртқы жауларына қарсы өткізген жорықтары (қазат), олардың себептері мен салдарлары, соған байланысты достары мен жауларының образдарының бейнеленуі секілді күрделі мәселелерге жан-жақты тоқталады. Әсіреле, автордың әдебиеттану ғылыми терминімен айтқанда, шығарманың тарихылық мәселесіне ерекше мән беріп, сол арқылы шығарманың өмірге келу мезгілін анықтауға сінірген еңбегі айрықша назар аударуды та-

лап етеді. Бұл мәселені ол өз басы істі болып жүргендігіне қарамастан 1952 жылдың 6-10 маусымы арасында Фрунзе каласында өткен (қазіргі Бішкекте) «Манас» эпосын зерттеуге арналған Бүкілодактық ғылыми форумның өзінде де жасқанbastan алға тартқаны мөлім. Ал, бұл атакты симпозиум бір қарағанда «Манас» эпосының халықтығын айқындалат, манастану ғылыминың сан қылыш мәселелерін түбекейлі шешуге арналған, келелі көнен сияқты көрінгенмен, шын мәнісінде, соның алдындағы «Жәнгір», «Едіге» жырларын ел санасын улайтын зиянды мұралар деп тапқан қатал саясатың қазымыр мінезінен туындағынын, ұлы жырдың басына күн туғызған құйтырқы жиын болатын. КСРО Ғылым академиясының президиумының басшылығымен өткізілген оған сол кездегі өлшем бойынша ете көп, төрт жүзден астам ғылыми және көркем творчество өкілдері қатынастырылды. Негізгі баяндамалардың өзі төртеу болды. Оларды «Манас» эпосының қалыптасуының тарихи жағдайлары» деген тақырыпта профессор А.Ю. Якубовский; «Манас» эпосын зерттеудің корытындылары мен алдағы міндеттер» дейтін мәселе бойынша КСРО Жазушылар одағының ұлт әдебиеттері бюросының терағасы, профессор Л.И. Клинович; «Манас» эпосының халықтық мәселесі» аталағын тақырыпта Өзбекстан Ғылым академиясының корр.-мүшесі, ленинградтық профессор А.К. Боровков; «Манас» эпосының нұскаларына шолу ыем пайымдау мен тұжырымдар» дейтін мәселе жазушы Жакишевтер жасайды. Бес күнге созылған атаптыш жиынның үлкен тарытспен қызу өткендігі сондай, негізгі баяндамалардың сыртында жалпы қырғыз әдебиеті мен тарихын сол жылдары бірден-бір жетік біледі деп есепте-летін М.И. Богданова, А.Д. Даuletkelдиев, А.А. Валитова, Б.Керімжанова, А.Токамбаев, Т.Сыдықбековтер қосымша баяндамалар жасап, атакты А.Бернштам, Б.Юнусалиев секілді ғалымдардың өзінде жарыссаға қатынасумен ғана шектелуге тұра келді. Ұлы Мұхан да жарыссаға қатынасусын ретіндегі форумға атсалысады [4].

Форум кезінде кейібір оқымыстыларға екінші қайтара шығып сөйлеуге тұра келіп отырған. Баяндама жасаған азаматтар түгелдей дерлік корытынды сөз сұрап, өз адрестеріне айтылған сын ескертпелерге қарсы пікірлерін айтады. Бұл жиындық кіріспе сөзбен ашқан сол кездегі КСРО Ғылым академиясының қырғыз филиалы президиумының терағасының орынбасары А.Алтымышбаевтың өзі эпостың тағдыры үшін атаптыш конференцияда М.Әуезовтен соң сөз алған К.Укаев, С.Ильясов, И.Сармановадардан кейін қайырыла сөйлеп, эпостың тағдыры үшін елеулі-елеулі па-йымдаулар жасайды.

Өйткені, сол күндерде сонау Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, В.Р. Розен, В.В. Бартольд, П.М. Мелиоранский, С.М. Абрамзон, В.М. Жирмунский, Т.Зарифов, М.Е. Массон, Л.Пеньковский, И.А. Батманов секілді Манас пен оның ұрпақтары Семетей, Сеитектерге байланыс-ты ұлылы-кішілі қатынасы барлардың баршасы түгелдей сөз болады. Жырлаушылар мен жазып алушылар да басты назарда ұсталады. Бұл түрғыда тек Сағымбай Оразбақтың атына ғана емес, Манас пен оның ұрпақтарының ерлігін жырлаушы өзге де жомоқшылардың атына аз сын айтылмайды. Бас баяндамашы А.И. Климович Сағымбай нұсқасын ұлтшылдық, панисламистік, пантуркистік, діншілдік бағытта жырланған; ейт-кені, ол шығу тегі жағынан күдікті Оразбақтың перзенті, ал Оразбақ Орман ханының сырнайшысы еді; сондай-ақ, оның 1922 жылы «Манасты» хатқа түсіруіне буржуазияшыл ұлтшыл Ишеналы Арабаев себепкер болған, сондыктан да шығарма реакцияшыл дегенді ерекше қадап айтады. Ж. Самаганов атты сынышы конференцияға баяндама жасағандарды сыныай келіп, көптеген азаматтар айтып отырған «Манастың» құрама нұсқасының вариантын, яки таңдаулы жиынтық нұсқасын жасау тілден де мүмкін емес деп, бұл мәселеге үзілді-кесілді қарсы шығады. Конференцияға қатынасып отырған Қыргызстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы И.Раззаковтан: «Сіздің пікіріңіз қандай, «Манас» эпосының идея-лық негізі неде?» – деген сұрауға, ол: «Жылдап даярланған негізгі баяндамашылар мен қосымша баяндамашылар бұл мәселеге жауап берे алған жоқ, оған мен қайтып жауап бермек едім», – деп ашулы үн катады. Қысқасы, 689 беттік конференция материалында өз басын корғап, үрейленушілер сөзі, сондай-ақ, қалай болғанда да қыргыз халқының елдік мұрасын панисламистік, пантуркистік, діншіл, ұлтшыл, буржуазияшыл рухтағы еңбек деп тануға тырысушилар лебізі, сонымен қатар мүмкіндігінше амалын тауып, шығармадан айырылып қалмаудын жағдайын ойластырған мұраға, ұлтқа жанашыр жандардың көзқарастар пайымы да баршылық.

Ал, М.Әуезов жарыссе зге осындағы қызу тарыс үстінде, жоғарыда айтылған Ж. Самаганов, т.т. көртартпа пікірлерінен кейін шыққан еді. Ол өз сөзін қыргыз халқының Ұлы Октябрьден басталатын, Ленин партиясының белгілеген бағыт-бағдарымен қарышты өмір сүріп жатқан социа-листік қыргыз ұлтының «Манасына» тек Қыр-ғызстанда ғана емес, Мәскеу тарапынан, ондағы КСРО Ғылым академиясы мен КСРО жазушылары басшылығы жағынан көніл бөлінуі, бұл – «Манастың» біздің халықтарының фольклоры мен эпостық мұрасы санатын-

дағы қатардағы көп шығарманың бірі еместігінен туындауды деп бастай келіп, өзінің негізгі айтпақ пікірін темен-дегідей үш бағытта өрбітеді. – Біріншіден, дейді, – ол: советтік қыргыз халқына «Манас» эпосы керек пе, әлде керек емес пе? Екіншіден, бұл жырдың құрама нұсқасын жасау мүмкін бе? үшінші-ден, егер мүмкін болса, қалай оны жүзеге асыруға болады, – дейді де, атакты жырды өзінің қай үақыттан бастап танысып, зерттей бастағанын, бұл тараптағы бірінші зерттеу енбегін қашан аяқтағанын, оны кейін қалайша толықтырып, жаң-ғыртқанын, сол кездердегі фольклорға деген көзқарастың қандай болғандығын, тек ол көзқарастан Демьян Бедныйдың «Батырлар» туындысы сахнаға қойылғаннан соң ғана «Правда» газеті батырлық жырларға, советтік фольклористикаға дұрыс бағдар бергенін, ал «Советтік қыргыз халқына «Манас» эпосы керек пе?» – деген басты мәселеге негізгі баяндамалар мен қосымша баяндамалардан біз жауап алдық па? – дей отырып, автор өзінің орысша сейлемен сөзін де ойын төмендегіше жалғастырады: «Надо признаться, что этого ответа мы имеем и не имеем. Имеем ясные ответы по дискуссии на страницах печати и по докладу тов. Джакишева... А вот по докладу А.К. Боровкова имеем колеблющийся ответ. Ясно для каждого, что 99 процентов его доклада было построено на отрицании эпоса... И получилось так, что докладчик исследует не эпос, а все, что наплевано на «Манас»... Надо объяснять научно правильно, памятяя о том, что мы сопоставляем не памятники письменной литературы, а варианты устно-поэтического наследия»... [5]. Бұдан біз, ұлы Мұханың өзіне ширек ғасыр бойы етене таныс, туысқан қыргыз халқының ең басты байлығына ғалым, азamat ретінде қалай қарау көректігіне принципті түрде нақтылы жауап бер-генін көреміз. Ал, өзі екінші-үшінші мәселе етіп көтеріп отырған ата жырдың құранды нұсқасын (мұндай құранды нұсқаны жасау тәжірибесі өмірде бар болатын. Оны конференцияда қосымша баяндама жасаған, «Манастың» осындағы нұсқасын жасауды бірден-бір колдаушы М. Богданова академик И.А. Орбелини басшылығымен 70 нұсқадан жинақталып жүзеге асқан армяндардың «Сасундық Да-вид» эпосын тілге тиек еткен-ді. – Ж.Т.) жасау туралы жайға келгенде ол, бұған кезінде В.В. Радловтың үш манасшының орындауынан алып жасалған үлгісін «В.В. Радлов бұған бірінші болып жауап беріп кеткен» – деп алға тартады. Негізінде, дейді, автор, – әртүрлі жомоқшының айтуындағы осы нұсқалар бір-біріне өте-мөте жақын, ейткені, солардың қай-қайсысы да халық түсінігіне лайыкты рухта жырмыздың фольклоры мен эпостық мұрасы санатын-

лан-ған. Сондыктан мұндақ кадамға барап кезде Қаралаевтың, немесе Шапақовтың нұсқасы дегенге алдын ала айырықша мән берудің қажеті жоқ, ал, редакциялық топқа А.Токамбаев, Қ.Маликов, Т.Сыдықбеков секілді «Манасты» жетік білетін ақын, жазушылар кіруі керек, – деп барып ойын түйіндейді. Мұханның ұлы эпосқа қатынасты ең басты пікірінің бірі – шығарманың қай заманда, қандай оқиғалармен байланысты өмірге келгендігі екені белгілі. Кеменгер ол ойын өзінің Орхон-Енисей ескерткіштері жайлы енбектер мен В.В.Бартольдтің қырғыздар мен қара қытайлар, ұйғырлар туралы туралы қазірге дейін құндылығын жоғалтпаған зерттеулеріне сүйене отырып, бұл ен берісі 840-847 жылғы оқиғалармен байланысты межеленуге тиіс, – деп пайымдаған болатын. Кейін атақты тарихшы А.Бернштам Шығыс Монголиядағы Суджи мекенінен табылған тас жазудағы Яглакар есімді азамат өзін қырғыз ұлымен дейді, бұл, «Манас» болуға тиісті, ал, руна жазуының беретін дерегіндегі бұл жай 847 жылға сойкес келеді, сондыктан «Манас» эпосының 1100 жылдығын 1947 жылы атап өту керек деген пікірін де кезінде Мұхан қатты қолдаған. Тек 1947 жылы өткелі тұрған бұл мерекенің руна жазуларының аса үлкен маманы С.Е.Маловтың Суджи тасына байланысты мәселеге араласуы нәти-жесінде кейінге қалдырылғаны сол кездегілерге тегіс белгілі. Демек, Мұхан қалай болғанда да, «Манас» дастанының негізі тым ертеде деп таныған. Галым ол ойын «Манас» эпосының халықтығы сын істігіне ілініп, туынды халқымен бірге қала ма, әлде сол кездегі саяси ахуалдың ауанына қарай өмір сұруін токтата ма деп, таразы басы тенсепіл тұрған кездің өзінде де, негізгі басты наزارда шығарманың ел мұддесін жыр еткен басты мұрат-мұддесін қорғай отырып та, жеріне жеткізе айтуды естен шығармаган. Және ол осы пікірін басты баяндамашы профессор Л.И.Клиновичтін баба жырдың түп төркіні Орхон жазбаларымен байланысты дейтін байламынан қайтып қалған тайғақтықтығын сынай отырып төмөнде-гіше береді:

– Касаясь эпохи возникновения «Манас», я напомню Л.И.Клиновичу о том, что мысль о поисках древней основы «Манаса» в IX веке принадлежит не тем анатолийским туркам, о которых большинство из нас слышит здесь впервые, а принадлежит тому самому Фалеву, на которого часто ссылались и вы сами и который считал необходимым изучать «Манас», порой сопоставляя его с орхонскими надписями. А идея отнесения эпохи «Манаса» к периоду джунгарско-калмыцких войн XV-XVIII веков, как на этом настаиваете вы теперь,

принадлежит не вам, а В.М.Жирмунскому, которого вы последовательно отрицали до сих пор... Между тем я считаю крайне необходимым вспомнить Орхонские надписи, особенно большую надпись в честь Кюль-Тегина и памятник в честь Тонью-Кука. Напомню товарищам следующие места из этих надписей: «Перейдя через Кегменскую (чернь), мы ходили воиною вплоть до страны (киргизов)... Когда Куль-Тегину было двадцать шесть лет, мы предприняли поход на киргизов... с их каганом мы сразились в черни Сунга... Киргизского кагана мы убили и племенной союз его взяли».

...Разве эти самые наивернейшие свидетельства древних агрессивных войн не только со стороны китайцев, позднее калмыков и джунгар, а со стороны ближайших соседей из тюркского племени, тюркского каганата, не могли давать повод эпическим сказаниям киргизов в те же времена?.. Далее, киргизы терпели гнет со стороны уйгур, киргизы покорены сыном Чингиса Джучи... Вот какие положения необходимо учитывать при определении эпохи возникновения эпоса. И в этом смысле прав Л.И.Клинович, утверждающий в своем докладе, что эпос имеет и отражения древнейших эпох. Но во имя признания эти истины нужно быть последовательным в своих суждениях и не осуждать уж столь сурово всех тех, кто осмеливается говорить о древности происхождения «Манаса».

Мұхан сынды кеменгердің сарқылмай, сабырмен сөйлесе де бәрін де жеріне жеткізе шегелеп айтылған бұл сөздеріне сол кездегілер күә бол-ған. Ізгі ниеттегілердің қай-қайсы да асқан ықыласпен риза болған. Бүгінгілер де солай. Ұлы ойшылдың осыншалық көкірек-кеудесінің биік, асқақ рухты болғандығын мақтанышпен еске алады. Енді қалай? Өмір бойы адамгершілік, арұждандылықты қолынан түсірмей ту етіп көтеріп өткен жанның, қабағымен қаймықтырып, табанымен жаншуға әрқашан дайын ұлық саясаттың, сол саясатты негізінен бір ғана ұлық ұлттың мұддесіне бейімдеп қызмет еттіруге мұдделі болған жәреуеке қауымының қол астында жүріп, өз ұлты секілді шеттетуден кенде қалмай, үнемі тиісті үлесінен сырт қалып, көз түрткіні көп көріп жүрген қырғыз бауырлардың негізгі ұлттық байлығына шабуыл ұйымдастырылғанда тәуекел етіп, осыншалық азаматтық батыл қадамдарға баруында қаншама тағылым алар жайлар бар? Бұл кеудесіндегі намыс оты сөнбеген, адальдықты, кісілікті жанымен ұғатын әркімге де құбыланама боларлық асқақ қасиет! Ал, асқақтықты көрмейтін, көрсе де астамшылық жасап, анғармаған болатын көркөуделер көбейген жерде күллі

дүниенің қастерлі қазынасы күлдікке көмілмек...
Қысқасы, «Манас» дастанының Мұхан-
тағылымы келешекпен күнше күлімдеп жүздесетін
тек Әуезов кеменгердің ғана емес, «мен ұлы Мұхан-
ның ұлтынанмын» деп кеудесін еңсөлі ұстар есті
жандардың жүзінің жарқын болуына да қызмет
етеді. Мәселенің мәнділігі де осында...

ӘДЕБИЕТ

1. Асанканов А. А., Өмірбеков Т. Н. Манастың әмде, жери. Бишкек: Мурас, 1998. 3-9-бб.
2. Манас. Энциклопедия. Бишкек: Мурас, 1995. 1-т. 164-165-бб.
3. М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы: Фылым, 1997. 114-116-бб.; «Неизвестный» Ауэзов. Алматы: Жібек жолы, 2005. С. 345.
4. Манас. Энциклопедия. Бишкек: Мурас, 1995. 305-320-бб.

5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 150-156-бб.